



**БҰЙРЫҚ**

10.05.2024

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 120

город Астана

**Әлихан Мақсұт атындағы «RoboZerde-2024»  
робототехника бойынша І республикалық  
фестивалін өткізу туралы**

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 10 мамырдағы №781 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының дарынды оқушылардың жоба жұмыстары мен конкурстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы К.Баяхметова 2024 жылдың 11-12 мамыр аралығында Әлихан Мақсұт атындағы «RoboZerde-2024» робототехника бойынша І республикалық фестивалін (бұдан әрі - Фестиваль) Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті базасында (келісім бойынша) өткізуді ұйымдастырсын.

2. Фестивальдің қазылар алқасы құрамы келісімдері бойынша қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының бас есепшісі Қ.Хамитова қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған мамандардың сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2024 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Абишеваға жүктелсін.

Қосымша: п.

Директор

Ж. Бейсенбаева